

**Мәртөк ауданы Құмсай ауылы «Құмсай бастауыш мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылына арналған 3 «А» сыныптың тәрбие жоспары бойынша жылдық
талдау есебі**

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптасуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығын мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және елбірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. Жақсылыққа, игілікке бой түзеп, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетті қалыптастыру. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

Жүргізілген іс-шаралар:

Тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес ұйымдастырылды. Халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөз ретінде қолданылды. Сынып оқушыларының мінез-құлық әдептері мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолданылды.

«Білім күні» салтанатты іс-шарасы; Тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыру және өткізу, төтенше жағдайларда «Орталық қауіпсіздігі» практикалық дағдыларын қалыптастыруға үйрету; Тәуелсіздік күніне арналған іс-шара; «Жаңа жылдың жарқырайды шамдары» мерекелік іс-шара

Қорытынды:

3 «Д» сынып оқушыларымен жүргізілген тәрбие жұмысы оқушылардың жеке тұлғасының үйлесімді дамуына ықпал ететін қолайлы білім беру ортасын құрды. Нәтижелер оқушылардың бойында өз Отанына деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімінің артқанын, ар-ұят, адалдық, жауапкершілік, сөзге берік болу, үлкенге, ата-аналарға құрмет, кішіге ізет көрсету, достарына, сыныптастарына сыйластықпен қарау сияқты жақсы қасиеттерді нығайтқанын, дұрыс тамақтану, қоршаған ортаны ластамау, ізденімпаздық дағдыларын дамытқанын көрсетті.

Сынып жетекші



Жалғасбаева Акмонар Жайлыбаевна